



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк «ҰКІ цифрлық инвестициялық монетасы» жобасын
World Money Fair көрмесінде таныстырды

Астана қаласы

2025 жыл, 28 ақпан

Қазақстан Ұлттық Банкі Берлинде өткен World Money Fair халықаралық ақша көрме-конференциясында ҰКІ цифрлық инвестициялық монетасын таныстырды.

Оған қатысудағы негізгі мақсат – «ҰКІ цифрлық инвестициялық монетасы» жобасын әлемдік деңгейде таныстыру, соның аясында оны іске қосу және жүзеге асыру ісіндегі негізгі ерекшеліктерді ұсыну.

Халықаралық сарапшылар жобаның инновациялық сипатын, қаржылық сауаттылыққа негізделген бағытын, сондай-ақ Қазақстан теңге сарайы шығарған ҰКІ алтын инвестициялық монетасының сапасы мен эксклюзивті дизайнын жоғары бағалады. Монетаның новаторлық концепциясын Ұлттық Банктің дизайнерлері әзірлеп шықты.

Бұл монеталар Astana International Exchange (AIX) биржасының «TABYS» мобильді қосымшасы арқылы сатылады. ҰКІ цифрлық инвестициялық монетасы туралы толығырақ ақпаратты Ұлттық Банктің [сайтынан](#) және [YouTube арнасынан](#) біле аласыз.

Анықтама: World Money Fair – халықаралық монета қауымдастығын жыл сайын біріктіретін әлемдегі ең ірі нумизматикалық алаң. Оған орталық банктердің, монета сарайларының, монета жабдықтарын өндіруші компаниялардың өкілдері, дизайнерлер, сондай-ақ ірі нумизматикалық басылымдардың мамандары қатысады. Ұлттық Банк бұл шараға 2000 жылдан бері жыл сайын қатысып келеді.

ҰКІ инвестициялық монетасы – алтын (Au 999,9), номиналы 100 теңге, салмағы 31,1 грамм.



БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz